

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

әсерін білдір тұр. 2019 жылы ағымдағы шоттардағы ақша қаражатының орташа безбенделген пайыз мөлшерлемесі теңгеде 0,46%-ды, 2020 жылы 8,48%-ды, 2021 жылы 9,19%-ды құрады.

2020 жылы ұйымның тауар-материалдық қорлары 1 251 млн-ға өсіп, шикізат пен материалдар, отын жіне жанар-жағармай материалдарын жіне басқа да құны 15 696 млн. болатын қорларды кірістеді. 8 млн. теңге сомасында қорлар бойынша резерв құрылды. 2021 жылы жолдың үстіңгі құрылыс материалдары 3 237 млн-ға бағаланып, осы жылғы Тауар-материалдық қорлар 18 710 млн-ға тең болды [2,3,4].

Қорытындылай келе, Компанияның негізгі құралдары, материалдық емес активтері және еншілес ұйымдарға инвестициялары 2019 жылы жиынтық активтерінің 56% құрайды. 2020-2021 жылдары 67% құраған. Жылдар аралығында Компанияның ұзақ мерзімді активтері 1,84 % және 0,22% өсім жасаған.

Ағымдағы активтер 40,43 % және 1632,06 % елеулі өсім болған. Берілген несиелер мен өтелетін ҚҚС сомасының артуы тікелей әсерін тигізіп тұр. 2019 жылғы жағдай бойынша жеті үшінші тарапты дебиторларға Компанияның сауда дебиторлық берешегінің 57,65%-ы жатты. 2020 жылы 71,26%, 2021 жылы 2 150 513 млн. теңгеге жеткен. Теңгедегі және валютадағы қысқа мерзімді банктік депозиттер Компанияның ақша қаражатына деген қажеттілігіне байланысты түрлі мерзімге, үш айға және одан аз мерзімге салынады.

Активтердің одан әрі жақсы айналымға түсуі үшін мынадай ұсыныс беремін, «ҚТЖ» ҰК» Акционерлік қоғамдығының сыртқы аудитын 2006 жылдан бастап 16 жыл бойы «Делойт» ЖШС жүргізіп келеді. Тәуелсіздік қағидаты бұзыла отырып, Компанияға сыртқы аудитты жүргізуші ұйымды ауыстыру қажет.

Ұйымдағы тозу құны жыл сайын өсіп жатқандықтан, түгендеу жұмыстарын жиі жүргізіп, ескірген немесе сынған құралдарды жанартып отыру қажет. Сонымен қатар, қызметтің сапалы болуы үшін, автоматтандыру және цифрландыру жұмыстарын енгізуді ұсынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚТЖ АҚ ресми сайты – <https://railways.kz/>
2. ҚТЖ АҚ 2019 жылғы жылдық есеп - [file:///C:/Users/AKA/Downloads/d4bba76b-42f5-457f-8268-a9e393070a08%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/AKA/Downloads/d4bba76b-42f5-457f-8268-a9e393070a08%20(1).pdf)
3. ҚТЖ АҚ 2020 жылғы жылдық есеп – <file:///C:/Users/AKA/Downloads/%D0%96%D0%B5%D0%BA%D0%B5%20%D2%9B%D0%B0%D1%80%D0%B6%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B%20%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%BF%D1%82%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%B3%D1%96%202020.pdf>
4. ҚТЖ АҚ 2021 жылы жылдық есеп – [file:///C:/Users/AKA/Downloads/3be7829a-ff64-451f-a8b5-694b5d41d0d8%20\(2\).pdf](file:///C:/Users/AKA/Downloads/3be7829a-ff64-451f-a8b5-694b5d41d0d8%20(2).pdf)
5. Абленов Д.О. Аудит негіздері

## **«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ ДЕБИТОРЛЫҚ ЖӘНЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК АУДИТИ**

Ағынбайқызы Перизат

[Perok\\_2002@mail.ru](mailto:Perok_2002@mail.ru)

“Мемлекеттік аудит” ББ 3 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

[Ғылыми жетекшісі – Жахметова А.К. аға оқытушы](#)

«QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «QazaqGaz» ҰК» АҚ) еліміздің, сонымен қатар шет мемлекеттер арасындағы газ нарығындағы мемлекеттің мүддесін қорғайтын негізгі компания болып табылады. "QazaqGaz" ҰК " АҚ қызметі жағынан геологиялық барлау, өндіру және түпкілікті өнімді өткізу секілді барлық бағыт бойынша қызметтерді іске асыратын тігінен интеграцияланған ұлттық газ компаниясы. Айта кететін жағдай «QazaqGaz» ҰК» АҚ –ы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 31.12.2021 жылғы № 982 қаулысымен "ҚазТрансГаз"ҰК" акционерлік қоғамы қайта аталған болатын. Жалпы "ҚазТрансГаз" компаниясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы №173 қаулысына сәйкес құрылды. Сонымен қатар компания "Самұрық-Қазына"ҰӘҚ" АҚ портфельдік компаниясы болып табылады.[1]

Осы жұмыста «QazaqGaz» ҰК» АҚ дебиторлық және кредиторлық берешегінің аудитін қарастыратын боламын. Дебиторлық берешек – сатып алушылардың немесе тапсырыс берушілердің кәсіпорын алдындағы өткізілген тауар үшін немесе қызмет үшін ақша төлеу бойынша міндеттемелері болып табылады. Ал кредиторлық берешек дегеніміз бұл сатушыларға немесе жеткізушілерге тауарлар мен қызметтерді алу үшін төленбеген төлемдер. Сатушылар алдындағы барлық өтелмеген сомалардың сомасы компанияның балансында кредиторлық берешек қалдығы ретінде көрсетіледі.

Мемлекеттік мекеменің дебиторлық берешегі басқа тұлғалардың, оның ішінде басқа да мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың шаруашылық операциялар нәтижесінде пайда болатын сомасы. Мемлекеттік мекеменің кредиторлық берешегі бұл ұйымның басқа заңды және жеке тұлғаларға (кредиторларға) қарыз сомасының ақшалай құны. Осы орайда «QazaqGaz» ҰК» АҚ – ның 2019-2021 жж аралығындағы дебиторлық және кредиторлық берешектерінің көрсеткіштері есептелінді. Дебиторлық және кредиторлық берешек аудитінің мақсаты бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес дебиторлық және кредиторлық берешек баптары бойынша қаржылық есептіліктің дұрыстығы туралы аудиторлық пікірді қалыптастыру болып табылады.[3]


Кесте-1

*«QazaqGaz» ҰК» АҚ – ның 2019-2021 жж аралығындағы дебиторлық және кредиторлық берешектерінің қозғалысы*

№	Атауы	2019 жыл, мың теңге	2020 жыл, мың теңге	Өсу қарқыны, %	2021 жыл, мың теңге	Өсу қарқыны, %
1	Дебиторлық берешек	197 118 788	155 911 091	79	193 018 581	238
2	Кредиторлық берешек	256 621 128	204 911 548	80	180 907 097	88
Ескертпе: [4-5] дерек көздері негізінде автормен жасалған						


Кесте-1 де көрсетілген мәліметтерді ескере отырып, ұйымның дебиторлық және кредиторлық берешектеріне талдау жасаймыз. Жалпы алғанда соңғы жылы дебиторлық берешектің сомасы алдыңғы жылмен салыстырғанда артқанын байқаймыз. Ал акционерлік қоғамның кредиторлық берешегі жылдан жылға азайып жатыр.

Сурет-1 де акционерлік ұйымның соңғы үш жылда дебиторлық берешегінің сомаларын және өзгерісін көрсек болады.



Сурет-1. «QazaqGaz» ҰК» АҚ – ның 2019-2021 жж аралығындағы дебиторлық берешегінің өзгерісі

Сурет-2 де акционерлік ұйымның соңғы үш жылда кредиторлық берешегінің көрсеткіштерін және өзгерісін көруге болады.



Сурет-2. «QazaqGaz» ҰК» АҚ – ның 2019-2021 жж аралығындағы кредиторлық берешегінің өзгерісі

Жоғарыда айтылған ақпараттар мен 1 және 2 – суреттерге сәйкес «QazaqGaz» ҰК» АҚ – ның дебиторлық берешегі 138%-ға артып, кредиторлық берешегі 12%-ға азайып жатыр. Дебиторлық берешектің артуы, компанияның активтерінің көбеюін білдіреді. Ал кредиторлық берешегінің азаюы, басқа ұйымдар алдындағы міндеттемелердің азаюын көрсетеді. Яғни жалпы алғанда «QazaqGaz» ҰК» АҚ – ның қаржылық жағдайы жақсы екенін байқаймыз.

Кесте -2

«QazaqGaz» ҰК» АҚ – ның 2019-2021 жж дебиторлық берешек көрсеткіштерінің құрамы және құрылымы

№	Көрсеткіштер	2019 жыл, мың теңге	Үлесі, %	2020 жыл, мың теңге	Үлесі, %	2021 жыл, мың теңге	Үлесі, %
1	Қысқа мерзімді сауда және басқа	197 118 788	100	151 001 098	97	190 432 566	97,6

	дебиторлық берешек						
2	Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	-	0	-	0	-	
3	Ұзақ мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешек	-	0	2 445 348	1,5	-	
4	Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	-	0	2 464 645	1,5	2 586 015	1,4
	Барлығы	197 118 788	100	155 911 091	100	193 018 581	100
Ескертпе: [4-5] дерек көздері негізінде автормен жасалған							

Жоғарыда 2-кестеден көріп отырғанымыздай дебиторлық берешектердің басым бөлігі қысқа мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешектерге тиесілі. Сол себепті қысқа мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешектерді нақтырақ ашып көрсетейік. Оның ішінде үшінші тараптардың Сауда дебиторлық берешегі, Байланысты тараптардың Сауда дебиторлық берешегі және басқа да дебиторлық берешектер қарастырылады. Сонымен қатар олардың соңғы үш жылдағы көрсеткіштері мен үлесі көрсетілген.


Сауда және басқа дебиторлық берешек - бұл сатып алушылар әдеттегі шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында сатылған (көрсетілген) тауарлар мен қызметтер үшін төлеуге тиісті сомалар. Сауда және басқа дебиторлық берешек әдетте компанияның иелігіндегі дебиторлық берешектің ең маңызды түрі болып табылады. Сәйкесінше 3-кестеден байқағанымыздай қысқа мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешектердің ең көп бөлігін үшінші тараптардың Сауда дебиторлық берешегі алады. Яғни бұл жалпы соманың шамамен 92-97% - ын алып отыр. Сондай-ақ олардың соңғы үш жылдағы көрсеткіштері жалпы дебиторлық берешектің соңғы үш жылдағы көрсеткіштеріне тікелей әсер етіп отқанын байқауға болады.

*Кесте-3-Қысқа мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешектің құрамы және құрылымы*

№	Көрсеткіштер	2019 жыл, мың теңге	Үлесі, %	2020 жыл, мың теңге	Үлесі, %	2021 жыл, мың теңге	Үлесі, %
1	Үшінші тараптардың Сауда дебиторлық берешегі	182 321 478	92	145 807 123	97	175 100 019	92
2	Байланысты тараптардың Сауда дебиторлық берешегі	18 964 621	9,6	6 328 852	4,1	8 483 734	4

3	Байланысты Тараптардың басқа дебиторлық берешегі	1 842 742	1,2	1 931 232	0,2	6 779 321	4
4	Басқа дебиторлық берешек	924 081	0,8	1 135 341	0,8	3 955 850	2
5	Минус: күтілетін несиелік шығындар бойынша резервтер	-6 934 134	-3,6	-4 201 450	-2,1	-3 886 358	-2
	Барлығы	197 118 788	100	151 001 098	100	190 432 566	100
Ескертпе: [4-5] дерек көздері негізінде автормен жасалған							

Кестедегі мәліметтер нәтижесінде, қысқа мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешектердің үш жылдық динамикасын 3 – суреттен байқауға болады.



Сурет-3. Қысқа мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешектердің үш жылдық динамикасы

Отандық өндіруші ұйымның қарыздарының жағдайын білу үшін кредиторлық берешегіне және оның құрамына назар аудару қажет. Келесі кестеде (Кесте-4) компанияның кредиторлық берешегі туралы соңғы жылдардағы ақпараттар көрсетілген.


Кесте-4

*«QazaqGaz» ҰК» АҚ – ның 2019-2021 жж кредиторлық берешек көрсеткіштерінің құрамы және құрылымы*

№	Көрсеткіштер	2019 жыл, мың теңге	Үлесі, %	2020 жыл, мың теңге	Үлесі, %	2021 жыл, мың теңге	Үлесі, %
1	Қысқа мерзімді сауда және басқа кредиторлық берешек	256 621 128	100	204 911 548	100	180 907 097	100

3	Ұзақ мерзімді сауда және басқа кредиторлық берешек	-	0	-	0	-	0
	Барлығы	256 621 128	100	204 911 548	100	180 907 097	100
Ескертпе: [4-5] дерек көздері негізінде автормен жасалған							

Компанияның соңғы үш жылдағы кредиторлық жағдайы бойынша компанияның қарыздарының жағдайы жақсы екенін байқаймыз. Сонымен қатар ұйымның кредиторлық берешегінің барлығы қысқа мерзімді сауда және басқа кредиторлық берешегіне тиесілі.



Сурет-4. «QazaqGaz» ҰК» АҚ – ның 2019-2021 жж кредиторлық берешегінің үлесі

4 – суреттен байқап отырғанымыздай отандық өндіруші компанияның кредиторлық берешектері жылдан жылға азайып, 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 21%-ға, ал 2021 жылы 30%-ға азайған. Бұл компания үшін тиімді. Себебі өзге компаниялар алдындағы қарыздарынан құтылып, міндеттемелерінің азайып жатқанын көрсетеді.

Қорытындылай келе, «QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ішінде дебиторлық және кредиторлық берешегіне жүргізілген аудит нәтижесінде, компанияның қазірге қаржылық жағдайы жақсы екенін білуге болады. Яғни дебиторлық берешегі бір қалыпты, ал кредиторлық берешектері азайып жатыр. Төменгі кредиторлық берешектің болуы, ұйым үшін қолайлы фактор болып табылады және кәсіпорынның қаржылық жағдайын, төлем қабілеттілігі мен өтімділігін бағалаудағы көрсеткіштерді едәуір жақсартады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «QazaqGaz» ҰК» АҚ ресми сайты [Электрондық ресурс] - <https://qazaqgaz.kz/>
2. Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізімі [Электрондық ресурс] - <https://gr5.gosreestr.kz/p/kz/gr-search/search-objects>
3. «Қаржылық есептілік аудиті» пәнінің дәріс сабақтары
4. «QazaqGaz» ҰК» АҚ – ның 2020 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі [Электрондық ресурс] - [KTG Kons FO 2020 N404.pdf](#)
5. «QazaqGaz» ҰК» АҚ – ның 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі [Электрондық ресурс] - [404 KFO 2021 \(3\).pdf](#)